Техникалық ерекшелік
Үй-жайларды, ғимараттарды және оларға іргелес аумақтарға санитарлық қызмет көрсетуге (СДУ өңдеу)
(ТЖҚ БНА коды 812913.000.000000)

р/т №	
1	**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сипаттамасы.**
	Үй-жайларды, ғимараттарды және оларға іргелес аумақты СДУ өңдеу
2	**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қажетті функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану сипаттамалары.**
	Адамды, үй-жайлар мен аумақты олардан қорғау мақсатында жәндіктер мен буынаяқтыларды жоюға бағытталған алдын алу және жою іс-шараларын қамтамасыз ету. **Жалпы талаптар:** СДУ өңдеу жұмыстарын жүргізу «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі №360-VI Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығымен бекітілген «Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес және тапсырыс берушінің талабы бойынша қызметтер көрсету қызметтер көрсету (объектілерді санитариялық-эпидемиологиялық өңдеуді жүргізуді ұйымдастыру тәртібі, қолданылатын дезинсекция құралдарының түрлері, мөлшерлеу, жүргізу тәсілдері, профилактикалық өңдеуді жүргізу мерзімдері, жиілігі) жүргізіледі. СДУ өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін Еуразиялық экономикалық одақ өнімін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінде тіркелген қаражат қолданылады. Орындалатын жұмыстардың көлемі үй-жайлардың, ғимараттардың және оларға іргелес аумақтың ауданына қарай $м^2$-де ескерілсін. **Жеткізуші міндетті:** 1. 10 күндік мерзімде СДУ өңдеу жұмыстарын жүргізу бойынша қызметтерді сатып алуға шарт жасасқаннан кейін орындалатын қызметтер көлемін ескере отырып, қызметтерді көрсету кестесін Тапсырыс берушімен бекіту үшін келісуге.

	2. Қоршаған орта, қызметкерлер және Тапсырыс берушінің келушілері үшін жүргізілетін қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге. 3. Қызмет көрсетуге қатысты барлық ұйымдастырушылық және техникалық мәселелерді өз бетінше шешуді қамтамасыз етуге. 4. Объектілерде СДУ өңдеу іс-шаралары объект әкімшілігі өкілінің (Тапсырыс берушінің) қатысуымен жүргізіледі. Өңдеуге жататын үй-жайда тұрған адамдарға іс-шаралардың жоспарланып отырған жүргізілуі және қажетті сақтық шаралары туралы хабарлайды. Өңдеу жүргізілетін орындарда өңдеуге қатысы жоқ адамдардың болуына жол берілмейді. 5. Тапсырыс берушінің объектісінде қызмет көрсету кезінде Өнім берушінің қызметкерлеріне еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және электр қауіпсіздігі саласындағы қолданыстағы заңнамалық актілердің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілерінің талаптарын, сондай-ақ шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік талаптарын, сондай-ақ 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1050-ЦЗ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен және оның еншілес ұйымдарында жұмыстарды мердігер орындаған кезде қауіпсіздікті басқару» АҚ СТ 2.01-2023 ұйым стандартын сақтау қажет.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-
«Қызылорда магистральдық
желі бөлімшесінің» бас инженеры **Б.Бекжанов**